



ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ КЕҢЕСІ

Брюссель, 2013 жылғы 24 шілде
12732/13
(OR.en)
PRESSE 348

Еуропалық Одақ және Қазақстанның арасындағы Ынтымақтастық кеңесінің он үшінші отырысы

Еуропалық Одақ (ЕО) және Қазақстанның арасындағы Ынтымақтастық кеңесі сәрсенбі күні 2013 жылдың 24 шілдесінде өзінің он үшінші отырысын өткізді. Отырыс ЕО делегациясының басшысы ретінде Литва Республикасының Сыртқы істер министрі Линас Линкявичюс мырзаның төрағалық етуімен болды. Қазақстанның делегациясын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары Ербол Орынбаев мырза басқарды. Сондай-ақ Еуропа сыртқы байланыс қызметінің Бас операциялық директоры О’Салливэн мырза және Орталық Азия бойынша ЕО Арнайы өкілі Патриция Флор ханым қатысты.

Ынтымақтастық кеңесі бірқатар салалардағы қатынастарды нығайтуға екі тараптың жолын ұстанғанын қайта растады және 2011 жылғы маусымда ЕО және Қазақстанның арасындағы Ынтымақтастық кеңесінің он екінші отырысынан кейінгі өткен кезең ішінде атқарылған жұмысқа баға берді. Ынтымақтастық кеңесі келіссөздердің жалғасатынына және тез арада Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестік және ынтымақтастық туралы жаңа кеңейтілген келісімнің жасалатынына қызығушылығын растады.

Ынтымақтастық кеңесі өңірлік те, сондай-ақ ұлттық деңгейде де Орталық Азия бойынша ЕО Стратегиясын кешенді іске асырудың маңыздылығы туралы қайта мәлімдеді және Қазақстанның Орталық Азия бойынша ЕО өңірлік бастамаларына қатысатынын құптады. Құқықтың ұлықтығы, Білім және Қоршаған орта сияқты нақты флагмандық бастамаларға қатысты ахуалды дамыту талқыланды.

Б А С П А С Ө З

Ынтымақтастық кеңесі екі тарап үшін маңызды болып отырған бірқатар мәселелерді де талқылады, атап айтқанда – саяси реформалар, құқық ұлықтығы және адам құқығы, сауда-экономикалық қатынастар, Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастық (су, энергетика және қоршаған ортаны қоса алғанда) және халықаралық мәселелер.

Ынтымақтастық кеңесі Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі туралы келіссөздердің оң нәтижелерін құптады. ЕО Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне қолдау көрсетті, ол қалған саудалық тосқауылдарды алуға көмектеседі және тағы екіжақты сауданы барынша ұлғайтады.

Ынтымақтастық кеңесі Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықты және Ауғанстанды қоса алғанда, халықаралық мәселелерді талқылады. Ынтымақтастық кеңесі өңірдегі жанжалдардың алдын алу және әлеуметтік-экономикалық дамудың тиімді тәсілі ретінде Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықтың маңыздылығын атап көрсетті. Осы мән-мәтінде Ынтымақтастық кеңесі Орталық Азия әріптестерін су ресурстарын басқаруға, өңірдегі қауіпсіздік және энергетика мәселелеріне қатысты тұрақты шешімді іздеуге шақырды, ол барлық мүдделерді ескерер және өңірдегі бірлікті сақтар еді.
